1 1 4 0	Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар
1 1 4 1	Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар
1 1 5 0	халықаралық тасымалдау бойынша қызмет көрсетуден түсетін табыстар

1 1 6 0	теңіз тасымалы шартында (желкімшартта) көзделген сталжылы уаыттан тыс тиеу-түсіру операцияларында кемелің бос тұрып алыны үшін төлем түріндегі табыс
1 1 7 0	Қазақстан Республикасының аумағындағы құбырларды, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан түсетін табыстар
1 1 8 0	резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (желкімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін табыстары
1 1 8 1	резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (желкімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін табыстары
1 1 9 0	мұндай міндеттердің нақты орындалу орнына қарамастан, осындай тұлғаларға резидентке қатысты жүктелген басқару міндеттерін орындауға байланысты басыпның говордарлары және (немесе) басқару органының (директорлар басқару кеңесінің немесе өзге де органының) мүшелері алатын өзге де төлемдер
1 2 0 0	жұмыс беруші болып табылатын резиденттің Қазақстан Республикасында тұруына байланысты резидент емес жеке тұлғаға төлейтін үстемақылары
1 2 0 1	жұмыс беруші болып табылатын резидент емес Қазақстан Республикасында тұруына байланысты резидент емес жеке тұлғаға төлейтін үстемақылар
1 2 1 0	жұмыс берушіден алынған материалдық пайда түріндегі резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табысы
1 2 1 1	жұмыс беруші болып табылмайтын тұлғадан алынған материалдық пайда түріндегі резидент емес жеке тұлғаның табыстары
1 2 2 0	резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері
1 2 3 0	қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино артистеріне, радио, теледидар қызметкеріне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар
1 2 4 0	резидент төлейтін ұтыстар
1 2 4 1	егер ұтысты төлеу осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар
1 2 5 0	Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызмет көрсетуден алынған табыстар
1 2 6 0	резидент жеке тұлғадан тегін алған резидент емес жеке тұлғаның мүлкін қоспағанда, тегін алынған немесе мұраға қалған мүлік, оның ішінде жұмыстар, қызметтер түріндегі табыс
1 2 7 0	туынды қаржылық құралдар бойынша табыстар
1 2 8 0	міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар
1 2 9 0	күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар
1 3 0 0	банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизиондарының мөлшерлерін азайтудан түсетін табыстар
1 3 1 0	сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыстар
1 3 2 0	кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар
1 3 3 0	тіркелген активтердің шығын қалуынан түсетін табыстар
1 3 4 0	табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауынан пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыстар
1 3 5 0	кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыстар
1 3 6 0	бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыстар
1 3 7 0	бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар
1 3 8 0	оң бағамдық айырма сомасының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі
1 3 9 0	алеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар
1 4 0 0	кәсіпорында мүлктік кешен ретінде сатудан түсетін табыстар
1 4 1 0	сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туылдайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алуға жататын), мүлкті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс

1 4 2 0 ислам банкіде орналастырылған инвестициялы депозит бойынша табыс

1 4 3 0 Қазақстан Республикасы аумағындағы қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар

Бөлім. Резидент емес жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрлерінің қолталуы

- 0 1 шетел азаматының паспорты
- 0 2 шетел азаматының жеке куәлігі (ішкі паспорт)
- 0 3 теңізшінің паспорты
- 0 4 азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі

"Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

(Тегі, аты, әкесінің аты бар болған кезде (бұдан әрі – Т.А.Ә.), не қызмет алушы ұйымның атауы)

_____ (қызмет алушының мекен-жайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" РМК филиалының № ____ бөлімі (мекен-жайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

ұсынбаудан көрінетін "Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке құжаттарды қабылдаудан бастартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бір данадан 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (ХҚКО қызметшісі) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. _____

Телефоны _____

Алды: Т.А.Ә. / қызметті алушының қолы

20__ жыл " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 631 бұйрығына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 284 бұйрығына
17-қосымша

"Қазақстан Республикасының резиденттігін растау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының резиденттігін растау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсе немесе "Салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасы (бұдан әрі - Салық төлеушінің кабинеті) арқылы;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы;

3) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

ХҚКО жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін барынша жол берілетін күту уақыты – 20 (жиырма) минут, ХҚКО-ға – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша жол берілетін уақыты – 20 (жиырма) минут, ХҚКО – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағазда.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі:

1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша резиденттігін растайтын құжатты беру;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттының 10-тармағында көрсетілген жағдайда және негізде қызмет берушінің мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы дәлелді жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағазда.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі қағаз тасымалдағышта ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) ХҚКО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі, мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүргізіледі, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;

3) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жұмыс істейді (көрсетілетін қызметті алушы

жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетулерді алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге немесе ХҚКО-на:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес резиденттігін растау туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – салықтық өтініш);

2) өзінің тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында орналасуы негізінде резидент болып табылатын шетелдік заңды тұлға - заңды тұлғаны тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болуын растайтын құжаттың (өткізілген орны көрсетіле отырып, директорлар кеңесінің немесе ұқсас органның жалпы жиналысы хаттамасының немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау орнын растайтын өзге де құжаттарды) нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) жеке басын куәландыратын құжат немесе Қазақстан Республикасының төлқұжаты (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін);

4) резидент болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам шетелдік төлқұжатының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке куәлігінің, Қазақстан Республикасында болу кезеңін растайтын құжаттың (визаның немесе өзге де құжаттардың) Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (бар болса) нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, құжаттар топтамасын қабылдағаны туралы белгісі бар талонды алады.

Пошта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші пошта хабарламасына белгі қояды.

ХҚКО дайын құжаттарды беру тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат негізінде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

Құжаттарды қабылдау кезінде қызмет беруші, ХҚКО құжаттардың көшірмесін түпнұсқамен салыстырып тексереді, содан кейін осы құжатты көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ХҚКО ұсынған нысан бойынша мемлекеттік

көрсетілетін қызметті ХҚКО арқылы алу үшін ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді.

ХҚКО нәтиженің бір ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге сақтауға береді. Бір ай мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде ХҚКО сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір күн ішінде дайын құжаттарды ХҚКО көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес электронды құжат нысанындағы өтініш;

2) нотариалды куәландырылған электронды көшірмесін:

өзінің тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында орналасуы негізінде резидент болып табылатын шетелдік заңды тұлға - заңды тұлғаны тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болуын растайтын құжатты (өткізілген орны көрсетіле отырып, директорлар кеңесінің немесе ұқсас органның жалпы жиналысы хаттамасының немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау орнын растайтын өзге де құжаттарды);

резидент болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам шетелдік төлқұжатының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке куәлігінің, Қазақстан Республикасында болу кезеңін растайтын құжаттың (визаның немесе өзге де құжаттардың) Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (бар болса) нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлға ретінде тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, құқығын белгілеу құжаты туралы мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы уәкілетті лауазымды тұлғалардың ЭЦҚ куәландырылған электронды құжат нысанында алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жолданады.

10. Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін, егер, көрсетілетін қызметті алушы мына шарттарға сәйкес келмейтін жағдайлар негіздеме болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты болатын немесе Қазақстан Республикасында тұрақты болмайтын, бірақ өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында орналасқан жеке тұлғалар "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) мақсатында Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылады;

2) егер жеке тұлға ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген үздіксіз он екі айлық кезеңде кемінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында болса, ол ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында тұрақты болған жеке тұлға деп танылады.

3) бір мезгілде мынадай талаптар орындалған кезде:

жеке тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (ықтиярхаты) болса;

жеке тұлғаның отбасы және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Республикасында тұрса;

жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында кез келген уақытта тұруы және (немесе) оның отбасы мүшелерінің тұруы үшін қолжетімді, оған және (немесе) оның отбасы мүшелеріне меншік құқығында немесе өзге де негіздерде тиесілі жылжымайтын мүлкі болса, жеке тұлғаның өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында орналасқан деп қарастырылады.

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдамай, Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат ету туралы өтініш берген:

мемлекеттік билік органдары шет елге іссапарға жіберген адамдар, оның ішінде дипломатиялық, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ аталған жеке тұлғалардың отбасы мүшелері;

тұрақты халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына немесе азаматтарына тиесілі көлік құралдарының экипаж мүшелері;

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан әскери базалардың, әскери бөлімдердің, топтардың, контингенттердің немесе құрамалардың әскери қызметшілері мен азаматтық персоналы;

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан және Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының субъектілерінің меншігі болып табылатын объектілерде (оның ішінде концессиялық шарттар негізінде) жұмыс істейтіндер;

оқу немесе практикадан өту мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген студенттер, тағылымдамадан өтушілер мен практиканттар оқу немесе практикадан өтудің бүкіл кезеңінде;

сабақ беру, консультациялар беру немесе ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер сабақ берудің немесе аталған жұмыстарды орындаудың бүкіл кезеңінде;

емделу немесе сауықтырудан өту, профилактикалық ем алу мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасында тұрған уақытына және осы бапта көзделген басқа да кез келген өлшемдерге қарамастан, резидент жеке тұлғалар деп танылады.

5) Салық кодексінің мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және (немесе) тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар да Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылады.

Нақты органның (директорлар кеңесінің немесе ұқсас органның) негізгі басқару және (немесе) бақылау жүзеге асырылатын, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылданатын жиналысы өткізілетін орын тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) деп танылады.

ХҚКО-на жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚКО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жазбаша түрде :

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрліктің басшысының не оны алмастырушы адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

ХҚКО қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым www.con.gov.kz ХҚКО интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚКО басшысына жіберіледі.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қолын қояды.

Шағымның қабылданғанын растау, оны Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚКО-ның атына келіп түскен мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы, оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Заңмен белгіленген тәртіпте қабілеттілігін толық немесе ішінара жоғалтқан немесе өз өзіне қызмет көрсету, өз бетімен қозғалу, бағдарлау

қабілеттілігін жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету 1414 бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы ХҚКО қызметкерлерімен көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электронды нысанда портал, Салық төлеушінің кабинеті арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті", Салық төлеушінің кабинеті, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің: www.kgd.gov.kz, Министрліктің: www.minfin.gov.kz, ХҚКО: www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары: 8–800–080–7777, 1414.

"Салықтық резиденттігін
растау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН
РАСТАУДЫ АЛУҒА
САЛЫҚ ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 16 шілдесіндегі
№ 430 бұйрығымен
15 қазыналы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 12 шілдесіндегі
№ 1390 құрамына енгізіліп
өзгерген

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ҚАРА: әсіресе КӨК сары артықшылық немесе қатаңдаушы, БАСПАХАНАЛЫҚ, БАС ӨРІПТІРМЕРІН толықтырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

2 Салық кезеңі (-дері) жыл -дан жыл дейін

3 Заңды тұлғаның атауы

4 Заңды тұлғаның резиденттік түрі (тиісті төркезде көрсетіңіз): Заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) немесе халықаралық шартқа сәйкес резидент болып танылатын шетелдік заңды тұлға

5 Жеке тұлғаның аты-жөні

А Тегі

В Аты

С Әкесінің аты

6 Жеке тұлғаның резиденттік түрі (тиісті төркезде көрсетіңіз): Қазақстан Республикасының азаматы-резидент Салық кодексіне немесе халықаралық шартқа сәйкес резидент болып танылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға

7 Қазақстан Республикасында салық төлеушінің байланыс ақпараты

А пошта индексі

В облыс

С аудан

D елді мекен/қала

E көше/шағын аудан

F үй нөмірі G пәтер/бөлме

H телефон нөмірі

I электронды пошта мекенжайы

Бөлім. Резиденттің табыстары туралы ақпарат

8 Салық кодексінің 225 бабының 3 тармағына сәйкес шет мемлекет көздеріндегі табыстарға байланысты Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын, аяқталған салық салуды болғызбау және табысқа немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың жолын жесу туралы халықаралық шарттың қолдану мақсатында, Қазақстан Республикасының резиденттігін растауды сұраймын:
Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алынатын болжанатын табыстардың болжамды сомасы (үлттық валютада)

ЖСН/БСН

Бөлім. Қоса берілетін құжаттар

А	№	В Салық кодексінің 225-бабының 3-тармағына сәйкес мынадай құжаттарды қоса беремін:	С Парақтардың саны
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>


Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Біз (Мен) осы салықтық өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

Штету салығымен асырмалар

Жігіт туралық немесе заңды тұлға басшысының Т.А.Ә. Қолы

Салықтық өтініштің тапсырылған күні: Салдармен күні, айы, жылы



Бөлім. Салық органының белгісі

Штету салығымен асырмалар


Өтінішті қабылдаған салық органының ауқымды адрасының Т.А.Ә. Қолы

Салықтық өтініштің қабылданған күні: Салдармен күні, айы, жылы

Құжаттың кіріс нөмірі

Салық органының коды

Пошта штемпелінің күні: Салдармен күні, айы, жылы



Ескерту. Осы салықтық өтініштің 9-жылдық мәліметтер бағаны жағдайда салықтық өтініштің 9-жылдық қосымшасы толықтырады.

Салық кодексінің 225-бабының 1,2-тармағымен сәйкес салықтық өтініштің 9-жылдық қосымшасы толықтырылған және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті кіндерінен рәсімделген табыстар алуы туралы мәліметтер берген кезде.

Осы салықтық өтініштің 9-жылдық қосымшасына салықтық өтініштің 9-жылдық қосымшасының 00001 **К** жолымен ашықсыз кіреді.

Салықтық өтініштің 9-жылдық қосымшасына «Табис» тиелетін жеке тұлғаның жеке басын ауылдықтармен құжат түрінде қолды, нөмірі мен берілген күнін тиелі бағымен толықтырып және осы салықтық өтініштің қосымшасына сәйкес құжат түріндегі мәліметтерді қолданып қолданылады.

Салықтық өтініштің 9-жылдық қосымшасына «Табис» түрінде қолды тиелі О бағымен толықтырып және салықтық өтініштің қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құжат түріндегі мәліметтерді қолданып қолданылады.

**САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН РАСТАУДЫ АЛУҒА
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШКЕ ҚОСЫМША**

Бөлім. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде алынатын табыс түрлерінің кодтауы

2 0 1 0	Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан тауарларды, шет елде өткізуден түскен табыстар
2 0 2 0	Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде қызмет көрсетуден алынатын табыстар
2 0 2 1	аза стан Республикасынан тыс ары жерлерде бас арушылы , аржылы (са таңдару және (немесе) айта са таңдару жоңидегі ызметтерді оспағанда), консулыақиялы , аудиторлы , аң (соттарда және төрелік органдарында өкідік ету және мүдделерін орғау жоңидегі ызметтерді, сондай-а нотариатты ызметтерді оспағанда) ызметтерін көрсетуден түсетін табыстар
2 0 3 0	Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мөмлекетте жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден, тауарлар өткізуден түсетін табыстар, сондай-ақ Салық кодексінің 192-бабында белгіленген, осындай мөмлекетте тіркелген резидент еместен резидент алатын өзге де табыстар
2 0 4 0	Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлкігі өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар
2 0 4 1	резидент шығарған бағалы қағаздарды өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар
2 0 4 2	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан резидент заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар
2 0 4 3	егер резидент емес заңды тұлғаның осындай акцияларының немесе акциятерінің құнының 50-ден кем пайызын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар
2 0 4 4	егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлестері немесе акциятері құнының 50-ден кем пайызын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлестерін өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен түсетін табыстар
2 0 5 0	талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін - резидент емеске қарсыды талап ету құқықтарын беруден түсетін табыстар
2 0 6 0	талап ету құқығын сатып алып жатқан салық төлеуші үшін - резидент еместе борышты талап ету құқықтарын беруден түсетін табыстар
2 0 7 0	резиденттің міндеттемелерді оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі жұмыстарды орындауға қызмет көрсетуге жасасқан келісімшарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) резидент еместен алынатын тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісімшарттары бойынша орындамағаны немесе тіксіне орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар)
2 0 8 0	резидент емес заңды тұлғадан түсетін дивиденттер түріндегі табыстар
2 0 8 1	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан пайлхқ инвестициялық құрлардан түсетін дивиденттер түріндегі табыстар
2 0 9 0	мүлкігі сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын резидент үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерде салық міндеттемелерін орындау жүктелмеген сенімгерлікпен басқарушы-резидент еместен мүлкігі сенімгерлікпен басқаруды құру туралы акт бойынша алынған табыстар
2 1 0 0	резидент еместен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар түріндегі табыстар
2 1 1 0	резидент емес эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар
2 1 2 0	резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыстар
2 1 3 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан мүлкігі жалға беруден түсетін табыстар
2 1 4 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан жылжымайтын мүлкіктен алынатын табыстар
2 1 5 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлақақыштары түріндегі табыстар
2 1 5 1	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлақақыштары түріндегі табыстар
2 1 6 0	резидент еместен алынатын қалықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түсетін табыстар
2 1 6 1	резидент еместен алынатын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түсетін табыстар
2 1 7 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан құбырларды, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан түсетін табыстар
2 1 8 0	резидент жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резидент еместен жасасқан еңбек шарты (келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қызметтен түсетін табыстары
2 1 8 1	резидент жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резиденттен жасасқан еңбек шарты (келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қызметтен түсетін табыстары
2 1 9 0	ендеріне резидентке қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органың) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындайтын орнының маңызы жоқ
2 2 0 0	жұмыс беруші болып табылатын резидент емес Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұруына байланысты резидент жеке тұлғаға төлейтін үстемақышар

2 2 0 1	жұмыс беруші болып табылатын резидент Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұруына байланысты резидент жеке тұлғаның төлейтін үстемалар
2 2 1 0	еңбек шартының (келісімшартының) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) шектеу жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерімен қамтамасыз етуге жұмсалған шығыстарды қоса алғанда, осындай жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қызметінен түсетін табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оның балалары мен оқу орындарында оқытуға, оның демалуына, сонымен қоса оның отбасы мүшелерінің демалысына барып-келуіне байланысты шығыстар жатады
2 2 1 1	өзге де тұлға қызметтер көрсетуге (жұмыстарды орындауға) арналған шарттың негізінде шектеу жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерімен қамтамасыз етуге жұмсалған шығыстарды қоса алғанда, осындай жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қызметінен түсетін табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оның балалары мен оқу орындарында оқытуға, оның демалуына, сонымен қоса оның отбасы мүшелерінің демалысына барып-келуіне байланысты шығыстар жатады
2 2 2 0	резидент емес жинақталушы жейнетақы қорлары жүзеге асырылатын жейнетақы төлемдері
2 2 3 0	қалайша және кімге төлем жүргізілетіндігіне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино артистеріне, радио, теледидар қызметкеріне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қызметтен төленетін табыстар
2 2 4 0	резидент емес төлейтін ұтыстар
2 2 5 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тәуелсіз жеке (кәсіби) қызмет көрсетуден алынатын табыстар
2 2 6 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орнласқан мүлкі тігін түрде алудан түсетін табыстар
2 2 6 1	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орнласқан тегін алынған мүлкінен түсетін табыстар
2 2 7 0	туынды қаржылық құралдар бойынша табыстар
2 2 8 0	міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар
2 2 9 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде алған күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар
2 3 0 0	резидент еместен алынатын банктің және лицензия негізінде банк операцияларының жеке елеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының мөлшерін азайтудан түсетін табыстар
2 3 1 0	резидент еместен алынатын сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыстар
2 3 2 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыстар
2 3 3 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген акционердің шығып қалуынан түсетін табыстар
2 3 4 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өңдіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыстар
2 3 5 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыстар
2 3 6 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыстар
2 3 7 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақалар
2 3 8 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оң бағамдық айырма сомасының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі
2 3 9 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар
2 4 0 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кәсіпорының мүлкі тік кешен ретінде сатудан түсетін табыстар
2 4 1 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын еште жағдайларда пайда алушы алатын (алуға жататын), мүлкі сенімгерлікпен басқарудан түсетін табыстар
2 4 2 0	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кәсіпкерлік қызмет көрсету нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар

Бөлім. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрлерінің кодтауы

0 1	шетел азаматының паспорты
0 2	шетел азаматының жеке бас куәлігі (ішкі паспорт)
0 3	теңізінің паспорты
0 4	азматтығы жоқ тұлғаның куәлігі

"Салықтық резиденттігін растау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

(Тегі, аты, әкесінің аты бар болған кезде (бұдан әрі – Т.А.Ә.), не қызметті алушы

ұйымның атауы)

(қызмет алушының мекен-жайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" РМК филиалының №__ бөлімі (мекен-жайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

ұсынбаудан көрінетін "Салықтық резиденттігін растау" мемлекеттік көрсетілетін қызметке құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бір данадан 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (ХҚКО қызметшісі) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. _____

Телефоны _____

Алды: Т.А.Ә. / қызметті алушының қолы

20__ жыл " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 631 бұйрығына
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 284 бұйрығына
28-қосымша

"Салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрлік және Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсе арқылы;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы;

3) "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мыналарды өзгерту туралы:

салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу бойынша, салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін – өтінішті алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей;

импортталатын тауарларға қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеу мерзімін – импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

ХҚКО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Төлем көзінен ұсталатын салықтардан, акциздерден және импортталатын тауарларға салынатын ҚҚС және (немесе) өсімпұлдардан басқа, салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімін өзгерту салық төлеушінің өтініші негізінде неғұрлым кеш, бірақ күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген есептелген салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және (немесе) өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту күнтізбелік 36 (отыз алты) айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.

Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту салық заңнамасына сәйкес айқындалатын осындай тауарларды есепке қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі;

2) көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің барынша рұқсат берілетін уақыты – 20 (жиырма) минут, ХҚКО-на - 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін уақыты – 20 (жиырма) минут, ХҚКО – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағазда.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

мыналарды:

салық төлеушімен келісілген салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімдерін белгілейтін және осы шешімнің ажырамас бөлігі болып табылатын салық міндеттемесін орындау кестесімен қоса салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімдерін өзгерту туралы;

салық төлеушімен келісілген салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімдерін белгілейтін және осы шешімнің ажырамас бөлігі болып табылатын салық міндеттемесін орындау кестесімен қоса салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы;

салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуден бас тарту туралы;

бас тарту негіздерін көрсете отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомалары бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуден бас тарту туралы;

импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімін өзгерту туралы шешімді беру; осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауабы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағазда.

Портал арқылы жүгінген кезде, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге келіп жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі қағаз тасымалдағышында ресімделеді және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) ХҚКО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүргізіледі, портал арқылы электрондық кезекті "брондауға" болады;

3) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жұмыс істейді (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге немесе ХҚКО-ға:

салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту үшін:

1) салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу мерзімдерін ауыстыру себептері қамтылған салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін

орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш – банк кепілі шарты немесе кепіл шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей.

Бұл ретте республикалық бюджетке келіп түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш көрсетілетін қызметті берушіге (Министрлікке) беріледі.

Жергілікті бюджетке толық көлемінде келіп түсетін салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш көрсетілетін қызметті алушыны тіркелу есебіне алу орны бойынша көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

2) салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін банк кепілдігі арқылы өзгерту үшін – кепілдік беруші банк пен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған банк кепілдігі шарты мен банк кепілдігі;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге қою арқылы салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту үшін – кепіл шарты мен кепіл мүлкінің нарықтық құнын бағалау туралы бағалаушының есебі;

салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту үшін:

1) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш;

2) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеуді көздейтін салық міндеттемесін орындау кестесі;

3) кәсіпкерлік бойынша уәкілетті орган берген салық төлеушінің Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасында белгіленген дара кәсіпкерлік субъектілері санаттарының біріне тиесілілігінің жазбаша растауы; импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту үшін:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарына) – үш айдан аспайтын мерзімге импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту бойынша:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту туралы өтініш;

тауарларды жеткізуге арналған шарттың (келісімшарттың) көшірмесі;

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импортталатын тауарларды өндірістік өңдеуге арналған тауарларға жатқызуды растау туралы көрсетілетін қызметті берушінің қортындысы.

Осы тармақшаның ережелері Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға таратылмайды;

2) көрсетілетін қызметті берушіге (Министрлікке) - өнеркәсіптік өңдеу үшін импорт бойынша тауарларды ұдайы алып тұратын ҚҚС төлеушілерге күнтізбелік жыл ішінде қолданылатын импортқа ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту бойынша:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту туралы өтініш;

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінуге қол қоюы қажет.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚКО-ның атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетімен қозғалу, бағдар алу қабілеттілігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін ХҚКО қызметшілері құжаттардың қабылдауын 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне барумен жүргізеді.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал, Салық төлеушінің кабинеті, СЕӨС арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының порталындағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, көрсетілетін қызметті берушінің: www.kgd.gov.kz, Министрліктің: www.minfin.gov.kz, ХҚКО: www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары: 8-800-080-7777, 1414.

"Әкімшінің (уақытша әкімшінің,
оңалтушы, уақытша және
банкроттықты басқарушының)
қызметін жүзеге асыру
құқығына үміткер адамдардың
біліктілік емтиханын өткізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдарына біліктілік емтиханын тапсыруына рұқсат беру туралы өтініш

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті

(тегі, аты, әкесінің аты (толық))

(іс жүзінде тұрғылықты
мекенжайы)

(байланыс телефондары)

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 5-тармағына сәйкес мені әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдарына біліктілік емтиханын тапсыруына рұқсат беруді сұраймын.

Біліктілік емтиханын тапсыру тілі: _____

_____.

Қоса берілетін құжаттар:

1) көрсетілетін қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) заң немесе экономикалық жоғары білімі туралы дипломдардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) экономикалық, қаржылық немесе заң қызметі салаларында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің барын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері.

(қолы) (Т.А.Ә.)

20__ жылғы " ____ " _____

"Әкімшінің (уақытша әкімшінің,
оңалтушы, уақытша және
банкроттықты басқарушының)
қызметін жүзеге асыру
құқығына үміткер адамдардың
біліктілік емтиханын өткізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

(Тегі, аты, әкесінің аты бар
болған кезде (бұдан әрі –
Т.А.Ә.),
не көрсетілетін қызметті алушы
ұйымның атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекен-жайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" РМК филиалының № бөлімі (мекен-жайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

ұсынбаудан көрінетін "Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханын өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (ХҚКО қызметшісі) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. _____

Телефоны _____

Алды: Т.А.Ә. / көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 631 бұйрығына
9–қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 284 бұйрығына
2–қосымша

Уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы куәлікті алуға арналған сауалнама

Заңды тұлғаның атауы

Бизнес сәйкестендіру нөмірі

Заңды мекен-жайы

Іс жүзіндегі мекен-жайы

Электрондық мекен-жайы, веб-сайт

1. Ұйымдастыру сипаттамалары

№	Сұрақ	Жауап
1	Заңды тұлғаның акцияның бақылау пакетін иеленуші құрылтайшылар, акционерлер, ірі акция ұстаушылар (акциялардың үлесі 10% артық) туралы ақпаратты көрсетіңіз: 1) Т.А.Ә. 2) БСН (егер құрылтайшы заңды тұлға болған жағдайда); 3) заңды тұлғаның акционерлердің, құрылтайшылардың, директорларының атына ресімделген компаниялар туралы мәлімет	
2	Мемлекеттік кірістер органдарында заңды тұлғалардың мүдделерін білдіру үшін жауапты тұлғалар туралы мәліметті көрсетіңіз: 1) Т.А.Ә., жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, еңбек шарт (бұйрық) жасалған күні және нөмірі (жеке тұлға үшін); 2) атауы, БСН, заңды және іс жүзіндегі мекен-жайы, қызмет көрсету туралы шарттың нөмірі және күні (заңды тұлға үшін)	
3	Заңды тұлға қызметінің негізгі түрін көрсетіңіз	
4	Заңды тұлғаның, сондай-ақ басқа елдердегі өкілдіктері және /немесе филиалдары туралы мәліметті көрсетіңіз: 1) қызметтің түрі; 2) заңды және іс жүзіндегі мекен-жайы;	

	3) телефон нөмірлері және электрондық поштаның мекен-жайы; 4) қызметкерлер саны	
2. Бизнестің көлемі		
1	Кедендік декларациялау жүзеге асырылады: 1) декларациялау дербес жүзеге асырылған жағдайда қорғаныс жапсырмасының кодын көрсетіңіз; 2) кеден өкілінің қызметі (атауы, БСН, кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы бұйрығының нөмірі және күні және қорғаныс жапсырмасының коды)	
2	Сіз демпингке қарсы немесе өтемдік баждарға жататын тауарлармен жұмыс істейсіз бе? (Иә/жоқ) Егер, иә болса, онда демпингке қарсы немесе өтемдік баждарға төлеуге жататын тауарлардың өндірушісі (лері) және елдері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты ұсыныңыз.	
3	Заңды тұлға соңғы жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден ісі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартылды ма? Егер, иә болса, онда заңды тұлға тартылған бапты көрсетіңіз және алдағы уақытта мұндай құқық бұзушылыққа жол бермеу үшін қандай шаралар қабылданған?	
3. Бухгалтерлік есеп, логистикалық және компьютерлік жүйе		
1	Мына сұрақтар бойынша ақпаратты ұсыныңыз: 1) Сіз кедендік декларациялар мен тауарлардың автоматтандырылған декларациялау, бақылау және есепке алу жүйесін пайдаланасыз ба? (Иә/жоқ) Егер иә болса, онда Сіз қандай жүйені пайдаланасыз? 2) Сіз пайдаланатын кедендік декларациялар мен тауарлардың автоматтандырылған декларациялау, бақылау және есепке алу жүйесінің бағдарламалық өнімі мемлекеттік кірістер органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімімен үйлесімді ме? 3) Сізде тауарлар мен көлік құралдарының іс жүзіндегі санының құжаттары бойынша деректердің сәйкес келмеуін анықтауға арналған ішкі бақылау жүйесі бар ма? Егер иә болса, оның неге негізделетінін және немен бекітілетінін көрсетіңіз? 4) Заңды тұлға қандай бухгалтерлік және логистикалық бағдарламалық қосымшаларды пайдаланады? 5) Сізде құжаттаманы сақтау және оған бөгде адамдардың санкцияланбаған кіруінен компьютерлік жүйені қорғау мақсатында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша технологиялық шаралар бар ма? Егер иә болса, оның неге негізделетінін және немен бекітілетінін көрсетіңіз? 6) Компьютерлік жүйені басқару және қорғау үшін кім жауапты болады? Қай компания бағдарламалық өнімнің сүйемелдеуін жүргізеді? Бағдарламалық өнімді сүйемелдейтін заңды тұлғаның деректемелерін және бағдарламалық өнімді сүйемелдеу туралы шарт жасасқан күнді және нөмірді көрсетіңіз.	
4. Қаржылық тұрақтылық		
1	Соңғы үш жыл ішінде заңды тұлғаға қатысты төлем қабілетсіздігі бойынша қандай да бір сот талқылауы болды ма? (Иә/жоқ) Егер иә болса, деректемелерін көрсетіңіз.	
	Заңды тұлғаның қаржылық ахуалы туралы мәліметті көрсетіңіз: 1) таза активтердің мөлшері;	

2	2) жалпы (ағымды) өтімділік коэффициенті; 3) меншікті капиталдың табыстылығы; 4) қаржылық тұрақтылықтың коэффициенті;	
5. Тауарлардың ішкі бақылау жүйесі		
1	Егер сіз өндіруші немесе экспорттаушы болып табылсаңыз, қандай тауарларды өндіресіз және/немесе экспорттайсыз? Өз тауарыңыздың қысқаша сипаттамасын көрсетіңіз? Сіздің тауарларыңыз қайта өңдеуге және/немесе экспортқа ұшырай ма? Бір жыл ішінде тауарлар жеткізілімінің қандай мөлшерін жүзеге асырасыз?	
6. Экспорттық бақылау және қосарланған мақсаттағы тауарлар туралы ақпарат		
1	Мына сұрақтарға жауап беріңіз: 1) Сіздің заңды тұлғаныздың қызметі қосарланған мақсаттағы тауарлармен байланысты ма? 2) Сіз экспорттық шектеулерге немесе эмбаргоға немесе басқа салықтық емес талаптарға ұшырайтын қосарланған мақсаттағы тауарлардың әкелуін қалай жүзеге асырасыз? Егер, иә болса, Сіз әкелген қосарланған мақсаттағы тауарларға қатысты мемлекеттік бақылаудың қандай шаралары қабылданды? Сондай-ақ, осы тауарларға қатысты тиісті ережелердің сақталуын қамтамасыз ету үшін қандай рәсімдер пайдаланылатынын қысқаша сипаттаңыз (мысалы, рұқсат, ерекше жауапкершілік, арнайы оқытылған персонал және басқа)? Мұндай тауарларға қатысты Сіздің заңды тұлғанызда бекітілген нұсқаулық, басшылық немесе басқа басқару құжаттары бар ма? (Иә/жоқ)	
7. Тауарларды сақтау		
1	Мына сұрақтарға жауап беріңіз: 1) Сізде тауарларды сақтауға арналған орындар бар ма? Егер иә болса, олардың орналасуын және олардың шаршысын сипаттаңыз, олар немен жабдықталған және тауарларды сақтау кезінде қабылданатын қауіпсіздік шараларын көрсетіңіз; 2) Сізде заңды тұлғаның өзге аумақтарында тауарларды сақтауға арналған үй-жайлар бар ма? (Иә/жоқ) Егер иә болса, олардың шаршысын сипаттаңыз, олар немен жабдықталған және тауарларды сақтау кезінде қабылданатын қауіпсіздік шараларын көрсетіңіз;	
2	Тәуекелдің әртүрлі деңгейі бар тауарлар жеке сақталады? (Иә/жоқ) Егер иә болса, онда жеке сақтауға арналған өлшемшарттарды сипаттаңыз (мысалы, қауіпті жүктер, жоғары құнды тауарлар, химиялық заттар, қару-жарақ және т.б.)?	
3	Сіз ISO стандарттарын қанағаттандыратын тауарларға санкцияланбаған қол жетімділікті алдын алу үшін сәйкестендіру құралдарын пайдаланасыз ба (халықаралық стандарттарға сәйкес келетін пломбалар, мөрлер)?	

Заңды тұлғаның басшысы _____

(қолы, күні)

М.О. (болған кезде)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 631 бұйрығына
10–қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 284 бұйрығына
43-қосымша

"Тауарларды кедендік тазарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Тауарларды кедендік тазарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары және кедендер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Тауарларға арналған декларацияны (бұдан әрі - ТД) құжаттармен қабылдау, мәліметтер мәлімделген құжаттары бар ТД-ны оның негізінде, және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырылады

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

ТД толтырылған сәттен бастап және құжаттарды тапсырған көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызмет берушіге:

Бұл ретте, жекелеген кедендік рәсімдерге қатысты, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі айқындаған кедендік декларациялаудың ерекшеліктерін және кедендік бақылаудың нысандарын қолдануға байланысты тауарлардың шығаруын көрсетілетін қызметті беруші мынадай мерзімде жүргізеді:

1) тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырған кезде:

тауарлардың 1–ден 10–ға дейінгі атауын декларациялау кезінде ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының алты сағатынан кешіктірмей;

тауарлардың 11–ден 50–ге дейінгі атауын декларациялау кезінде ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының он сағатынан кешіктірмей;

тауарлардың 51–ден және одан жоғары атауын декларациялау кезінде ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының он екі сағатынан кешіктірмей;

тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланумен кедендік бақылауды жүргізген кезде – ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының он алты сағатынан кешіктірмей;

2) тауарларды экспорт, уақытша әкету кедендік рәсімімен орналастырған кезінде:

ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының екі сағатынан кешіктірмей;

тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланумен кедендік бақылауды жүргізген кезде – ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының төрт сағатынан кешіктірмей;

3) тауарларды алдын ала кедендік декларациялау кезінде:

ТД тіркеген аумақтық мемлекеттік кірістер органына тауарларды ұсыну сәтінен бастап жұмыс уақытының екі сағатынан кешіктірмей;

тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланумен кедендік бақылауды жүргізген кезде – ТД тіркеген уәкілетті лауазымды адамға тауарларды ұсыну сәтінен бастап жұмыс уақытының он алты сағатынан кешіктірмей;

4) тауарларды толық кедендік декларацияламау кезінде:

толық емес ТД-ны тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының төрт сағатынан кешіктірмей. Көрсетілген мерзім олардың сандық және сапалық сипаттамаларының жиынтығы бойынша тауарлардың сәйкестендіруін жүргізу үшін қажетті уақытты қосады;

толық ТД-ны тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының екі сағатынан кешіктірмей;

5) тауарларды мерзімдік кедендік декларациялау кезінде:

мерзімдік ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының екі сағатынан кешіктірмей;

тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланумен кедендік бақылауды жүргізген кезде – мерзімдік ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының төрт сағатынан кешіктірмей;

толық ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының екі сағатынан кешіктірмей

;

б) тауарларды уақытша кедендік декларациялау кезінде:

уақытша/толық ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының төрт сағатынан кешіктірмей;

тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланумен кедендік бақылауды жүргізген кезде – уақытша ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының сегіз сағатынан кешіктірмей;

7) белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілген жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды кедендік декларациялау кезінде:

жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлар құрамдастарының әрбір жеке жеткізілуіне арналған ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының екі сағатынан кешіктірмей;

тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланумен кедендік бақылауды жүргізген кезде – жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлар құрамдастарының әрбір жеке жеткізілуіне арналған ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының сегіз сағатынан кешіктірмей;

толық ТД тіркеу сәтінен бастап жұмыс уақытының екі сағатынан кешіктірмей

Тауарларды шығару мерзімдері көрсетілетін қызметті беруші басшысының, ол уәкілеттік берген көрсетілетін қызметті беруші басшысы орынбасарының не оларды алмастыратын адамдардың жазбаша рұқсатымен кедендік бақылаудың нысандарын жүргізу немесе аяқтау үшін қажетті уақытқа ұзартылуы мүмкін және, егер Кодексте өзгеше белгіленбесе, тауарларға арналған декларация тіркелген күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауы мүмкін.

Егер зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне және Кеден одағына мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілері ұстайтын тауарларды кедендік рәсіммен орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасау кезінде көрсетілетін қызметті беруші зияткерлік меншік құқықтарының бұзушылық белгілерін анықтаса, мұндай тауарларды шығару 10 (он) жұмыс күн мерзіміне тоқтатыла тұрады.

Құқық иеленушінің немесе оның мүддесін білдіретін адамның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бұл мерзімді, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен артық емес мерзімге ұзартуы мүмкін.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі тауарларға арналған декларация ретінде пайдаланылатын ТД, коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарға тиісті белгілерді, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелеріне тиісті мәліметтерді енгізу (қою) жолымен Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес тауарларды шығару туралы шешімі, не осы

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі—көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Кодекске сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Кеден органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы қаулысы белгілеген тауарларды кедендік декларациялау үшін ТД негізгі парағы үшін 60 евро және ТД әрбір қосымша парағы үшін 25 евро мөлшерінде кедендік алымдар алынады.

Кеден одағының Кеден кодексінің 372-бабының негізінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі № 2368 Заңына сәйкес қолданылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың шеңберінде өткізілетін тауарларды декларациялау кезінде, "Кедендік төлемдердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 қарашадағы № 1479 қаулысына сәйкес заңды және жеке тұлғалар өткізетін тауарларды кедендік ресімдегені үшін кедендік құннан 0,2 % мөлшерінде, тауарлар мен көлік құралдарын ол үшін белгіленген жерден тыс және мемлекеттік кірістер органдарының жұмыс уақытынан тыс кедендік ресімдегені үшін 0,4 % мөлшерінде кедендік алымдар алынады.

Төлеуші:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы (банктің төлем тапсырмасы төлемді растау болып табылады);

2) көрсетілетін қызметті берушінің әкімшілік ғимараттарында орнатылған екінші деңгейдегі банктердің электрондық терминалдары арқылы төлем карточкаларын пайдалана отырып (аталған электрондық терминал беретін чек төлемді растау болып табылады);

3) тікелей көрсетілетін қызметті берушінің ғимараттарында (үй-жайларында) орналасқан екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассалары арқылы (аталған банк кассаларының түбіртектері төлемді растау болып табылады) тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алымдарды бюджетке ұлттық валютамен қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз әдіспен тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін немесе сонымен бір мезгілде төлейді.

8. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган тәулік бойғы жұмыс режимін белгілеген көрсетілетін қызметті берушіні қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына

сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Көрсетілетін қызметті алушының дәлелді сұрау салуы бойынша тауарлардың кедендік рәсіммен орналастырумен байланысты жекелеген кедендік операциялар көрсетілетін қызметті берушінің тұрған жерінен тыс және жұмыс уақытынан тыс жасалуы мүмкін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

егер Кодексте өзгеше белгіленбесе, ТД, ТД электрондық көшірмесі және олардың негізінде кедендік декларация толтырылған құжаттар.

мұндай құжаттарға:

1) шот-фактура (инвойс), олар болмаған кезде сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжат;

2) пайдаланылатын көліктің түріне байланысты көліктік (тасымалдау) құжат жатады.

Қажет болған кезде, жоғарыда көрсетілген құжаттарға мына құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының валюта заңнамасында көзделген жағдайда валюталық бақылау саласындағы талаптардың сақталуын растайтын құжат;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, Кеден одағы комиссиясының шешімдерінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда тыйым салулар мен шектеулердің, сондай-ақ арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолдануға байланысты шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар;

3) егер тауарлар мұндай қамтамасыз етуді ұсыну шартымен шығарылған жағдайда, кедендік баждар, салықтар төлеудің қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттар;

4) Кодексте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, кедендік рәсімдерге сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден толық немесе ішінара босатуды растайтын құжаттар табыс етіледі.

Егер кедендік декларацияны толтыру үшін негізге алынған жекелеген құжаттар кедендік декларацияны беру кезінде табыс етіле алмайтын болса, дәлелді өтініші бойынша көрсетілетін қызметті беруші мұндай құжаттарды тауарлар шығарылғанға дейін табыс етуге рұқсат етеді.

Егер жекелеген құжаттар дәлелді өтініші бойынша көрсетілген мерзімде табыс етіле алмайтын болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші, егер құжат

тауарларды шығару туралы шешім қабылдау үшін міндетті болып табылмаса, кейін құжаттарды алу үшін қажетті мерзімде, бірақ оларды кедендік декларация тіркелгеннен кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бере отырып, олардың көшірмелерін беруге рұқсат етеді. Услугополучатель құжаттарды белгіленген мерзімде табыс етпегені не құжаттардың бұрын берілген көшірмелерінде мәліметтерді дұрыс мәлімдемегені үшін жауапты болады.

Тауарларды кедендік декларациялау кезінде көрсетілген құжаттардың көшірмелері салыстыру үшін түпнұсқаларымен табыс етіледі, кейіннен құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Егер тауарларды кедендік декларациялау кезінде көрсетілетін қызметті берушіге кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын құжаттар бұрын табыс етілсе, мұндай құжаттардың көшірмелерін табыс ету не көрсетілетін қызметті берушіге мұндай құжаттарды табыс ету туралы мәліметтерді көрсету жеткілікті.

Тауарларды кедендік декларациялау кезінде құжаттар Кодекске сәйкес электрондық құжаттар түрінде табыс етілуі мүмкін.

Тауарларды мәлімделген кедендік рәсімдердің шарттарына сәйкес кедендік декларациялау кезінде жоғарыда көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай:

1) кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік рәсімі кезінде – Кодекске сәйкес тауарларды кедендік аумақта қайта өңдеудің шарттары туралы құжат;

2) кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсімі кезінде – қайта өңдеу мақсаты жөндеу болып табылатын жағдайларды қоспағанда, тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің шарттары туралы құжат;

3) ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің кедендік рәсімі кезінде – тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжат;

4) кері импорттың кедендік рәсімі кезінде – тауарларды әкету кезінде қабылданған кедендік декларация және тауарларды әкету кезінде оларды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізген күнді растайтын құжаттар;

5) ішкі тұтыну үшін бұрын кедендік шығару рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты кері экспорттың кедендік рәсімі кезінде – мыналар:

тауарларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу жағдайы (сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжаттарды негізге ала отырып) ;

сыртқы экономикалық мәміленің шарттарын орындамау;

осы тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру;

осы тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылғаннан кейін пайдалану туралы мәліметтер бар құжаттар;

6) жою кедендік рәсімі кезінде – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тауарларды жою мүмкіндігі туралы қорытындысы;

7) еркін кедендік аймақ және еркін қойма кедендік рәсімдері кезінде – Кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес құжаттар табыс етіледі.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) Көрсетілетін қызмет беруші қажетті жазуды енгізу түрімен тауарды шығарудан бас тартады және кедендік декларациясына мөр басымымен, немесе кедендік декларацияларға қажетті құжаттарды қолданылуымен, бас тарту үшін болған барлық себептерді, және келесі жағдайларда оларды жою жөніндегі ұсынымдарды көрсете отырады;

2) тауарларды Кодекске сәйкес таңдалған кедендік рәсіммен орналастыру үшін қажетті талаптар мен шарттарды сақтамаған;

3) тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтар төленбеген, не Кодекске сәйкес олардың төленуін қамтамасыз еткен жағдайларда, тауарларды шығарудан бас тарту үшін негіздеме болған барлық себептерін және оларды жою бойынша ұсынымдарды көрсетумен жазбаша нысанда тауарларды шығарудан бас тартады.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның – оның тегі, аты, әкесінің аты, почта мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның – оның атауы, почта мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты–жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.kgd.gov.kz интернет–ресурстарында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы және көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары: 1414, 8–800–080–7777.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 631 бұйрығына
11-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 284 бұйрығына
47-қосымша
Нысан

(мемлекеттік органның толық атауы)

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған

кезде) бұдан әрі – Т.А.Ә.))

(заңды тұлғаның толық атауы)

(заңды тұлғаның БСН)

(Заңды тұлғаның заңды мекенжайы)

(мәлімделген қойманың іс жүзіндегі мекенжайы)

(телефон, электрондық мекенжай)

Өтініш

Сізден жалпы аумағы _____

Ш.М.

(еркін қойманы ашу мақсаттары)

үшін еркін қойма иелерінің тізіліміне енгізуді/жаңғыртуды сұраймын.

(керектінің астын сызыңыз)

Мәлімделген қойма Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімнің 4-бабына және Мемлекеттік кірістер органдарының еркін қойманың иелерімен өзара қарым-қатынастарын белгілеу қағидасының 3-тармағына сәйкес Еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу талаптары мен шарттарына сәйкес келеді, атап айтқанда:

1. Еркін қойма ретінде пайдалануға арналған құрылыстардың (үй-жайлардың) меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалға алынғаны туралы мәлімет

__ (егер құрылыстарды (үй-жайларды) иелену жалға алу шарты негізінде жүзеге асырылатын болса, онда жалға алу шартының нөмірі мен жалға алу мерзімін көрсету қажет).

2. Еркін қойма ретінде пайдалануға арналған аумақ тауарларды _____ өндіру мен қайта өңдеу бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін жабдықтаулы және жайғастырулы.

3. Жапсарлас тиеу-түсіру аландарын қоса алғандағы, аумақ (бір немесе бірнеше қойма үй-жайлары мен аландар) біртұтас және бөлінбейтін кешен болып табылады, бір мекенжай бойынша орналасқан және бөгде адамдардың кіруіне кедергі келтіруді қамтамасыз ететін барлық периметрі бойынша үздіксіз қоршауы бар.

4. Оған тиеу-түсіру алаңдарын қоса алғандағы, аумақ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 186-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленген.

5. Тауарларды тексеріп қарауға арналған орындар, оның ішінде электр жарығымен жарықтандырылған және соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейне ақпараттарды қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін мемлекеттік кірістер органдарының бағдарламалық өнімдерімен үйлесімді бейне бақылау құралдарымен жабдықталған жабық алаңдар бар.

6. Қажетті тиеу-түсіру механизмдер және арнаулы техника бар.

7. Орналастырылатын тауарлардың сипатына сәйкес сертификатталған таразы жабдығы бар

(газды арнайы қоймаға орналастырған жағдайда тиісті есепке алу құралдарының бар болуын көрсету қажет)

8. Кедендік төлемдерді, салықтарды және өсімпұлдарды төлеу бойынша орындалмаған міндеттер жоқ.

9. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының заңды күшіне енген нормалары және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі орындалмаған қаулы жоқ.

10. Кедендік операцияларды жасау кезінде аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына табыс етілген мәліметтерді шаруашылық операцияларын жүргізу туралы мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының талаптарына сәйкес келетін тауарларды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі бар.

Үй-жайлар мен аумақтарға кедендік қарап тексеруді жүргізу кезінде мынадай құжаттардың түпнұсқасын ұсынуға міндеттенемін:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, құрылтай құжаттары;

2) банкротпен оларда ашылған шоттар туралы растаулар;

3) еркін қойма ретінде пайдалануға арналған меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе ғимараттарды (үй-жайларды) жалға алу құқығын растайтын құжаттарды;

4) еркін қоймалардың иелері бекіткен және аумақтық мемлекеттік кірістер органдары келіскен еркін қойма ретінде мәлімделетін үй-жайлар мен аумақтардың жоспарлары, сызбалары;

5) қажетті тиеу-түсіру механизмдерінің және арнайы техниканың, сондай-ақ орналастырылатын тауарлардың сипатына сәйкес келетін сертификатталған таразы жабдықтарының бар болуын растайтын құжаттар.

Өтініште көрсетілген мәліметтер дұрыс болып табылады.

Кәсіпорын басшысы _____

(Т.А.Ә., лауазымы, қолы, мөрдiң орны, күні)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 631 бұйрығына
12-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 284 бұйрығына
53-қосымша

"Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары және кедендер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 30 (отыз) күнтізбелік күн;

кеден органдары біліктілік емтихандарын тапсырған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей кедендік декларациялау жөніндегі маманның аттестаттарын беруді жүргізеді;

2) көрсетілген қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің кедендік декларациялау жөніндегі маманның аттестатын беру, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және/немесе қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге қағаз тасымалдағышында жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанында ресімделеді, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің қолымен, мөрімен расталады және көрсетілетін қызметті алушыға пошта бойынша жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Кеден өкілі атынан кедендік декларациялау бойынша әрекет жасауды көрсетілетін қызметті алушы кедендік декларациялау жөніндегі маман біліктілігін ұсынылғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушіге бейдж және жеке нөмірлік мөрді алуға өтініш ұсынады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес өтініш;

2) кәсіби, техникалық немесе жоғары білімін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) 3,5x4,5 сантиметр көлеміндегі екі түрлі-түсті фотосурет;

портал арқылы:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) кәсіби, техникалық немесе жоғары білімін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) 3,5x4,5 сантиметр көлемінде электрондық түрдегі екі түрлі-түсті фотосурет

Көрсетілетін қызметті алушы, көрсететін қызмет берушіге емтиханды өткізгенге дейін 3 жұмыс күні бұрын өтініш ұсынады.

Жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы – қағаз тасымалдағышындағы өтініштің қабылданғанын растау оның көшірмесінде

құжаттардың топтамасын қабылдау уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады; портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттардың болмауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негіздемесі болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның атауы, почта мекен-жайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жөнелткен кезде көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (

жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгі, шағымның қаралғаны немесе қаралудан бас тартылғаны туралы жауап) жаңартып тұратын өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің: www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің: www.kgd.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының порталындағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары: 1414, 8-800-080-7777.

"Кедендік декларациялау
жөніндегі маманның біліктілік
аттестатын беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына қосымша

Нысан

уәкілетті органның толық атауы

іс жүзіндегі мекенжайы

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған

кезде) бұдан әрі – Т.А.Ә.

мекен-жайы (мекенжайлық мәліметтер)

электрондық мекен-жайы, веб-сайты

өтініш берушінің деректемелері:

(ЖСН)

Өтініш

Сізден кедендік декларациялау жөніндегі маманның аттестатын алу үшін мені

_____ өтетін біліктілік емтиханына

(өтетін күні) (МО атауы)

қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Талап етілетін құжаттардың тізімі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 2) кәсіби, техникалық немесе жоғары білімін растайтын құжаттың
нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 3) 3,5x4,5 сантиметр көлеміндегі екі түрлі-түсті фотосурет;
- Өтініш беруші _____

_____ берген күні: _____

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)